Балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау мақсатында О.А. Безрукова мен О.Н. Каленкованың «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін бағалау әдістемесі» қолданылды (Безрукова, Каленкова, 2014). Бұл әдістеме баланың тілдік даму ерекшеліктерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді және келесі көрсеткіштерге сүйенеді: дыбыстық мәдениеті, лексикалық қоры, грамматикалық құрылымы, байланыстырып сөйлеу дағдысы. Әдістеме жеке және топтық тексеру арқылы жүзеге асырылады және әрбір көрсеткішке сәйкес баланың даму деңгейі (төмен, орташа, жеткілікті) анықталады. Тілдік компоненттердің қалыптасу деңгейі негізінде жалпы сөйлеу дамуының интегралды көрсеткіші шығарылады.

Сонымен қатар, балалардың сөйлеу белсенділігін, сөздік қорын және сөйлеу ниеттерін байқау мақсатында Н.Н. Павлова мен Л.Г. Руденко ұсынған «Түсті кубиктер» әдістемесі қолданылды (Павлова, Руденко, 2008). Бұл әдістеме ойын түрінде ұйымдастырылады және баланың нұсқауларды түсінуі мен орындауын, түстер мен пішіндерді тануын, өз ойын қарапайым сөйлемдермен жеткізуін бағалауға бағытталған. Әдістеме барысында балаға түрлі түсті және пішінді кубиктер ұсынылып, педагог нақты тапсырмалар береді: мысалы, белгілі бір түсті кубикті беру, конструкция құрастыру немесе сипаттап айту. Бұл әдістеме балалардың сөздік қоры мен сөйлеу әрекетін белсендірумен қатар, когнитивті қабілеттерін де бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде мектеп жасына дейінгі ортаңғы топ балаларының байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында мультисенсорлық әдістер кешені қолданылды. Бұл әдістер баланың танымдық белсенділігін арттырып, әртүрлі анализаторлар арқылы ақпаратты қабылдауын қамтамасыз етеді. Баланың көру, есту, сипап сезу, қимыл-қозғалыс, иіс және

дәм сезу арналарын бір уақытта іске қосу байланыстырып сөйлеудің барлық компоненттерін (лексикалық, грамматикалық, құрылымдық) дамытуға ықпал етеді. Төменде ұсынылған суретте мектеп жасына дейінгі ортаңғы топ балаларының байланыстырып сөйлеуін дамытуға әсер ететін негізгі мультисенсорлық әдістер түрлері жүйеленіп берілген (сурет 1).



Сурет 1 – Мультисенсорлық әдіс түрлері

Суретте көрсетілген мультисенсорлық әдістер тәжірибелік жұмыстар барысында мақсатқа сай іріктеліп, педагогикалық жағдаяттарға сәйкестендіріліп қолданылды. Әсіресе интеграцияланған әдістер кешені балалардың сөйлеу белсенділігін арттырып, олардың тілдік бірліктерді өз бетінше байланыстыруына оң әсерін тигізді. Аталған әдістерді қолдану нәтижесінде балалардың әңгіме құрау, оқиға мазмұнын жүйелеу, кейіпкер мінезін сипаттау және сезімін жеткізу дағдыларының арта түскені байқалды. Зерттеу нәтижелері мультисенсорлық әдістерді жүйелі және мақсатты қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда тиімді педагогикалық құрал бола алатынын көрсетті. Зерттеу кезеңінде алынған мәліметтерді салыстыру және сөйлеу дамуына енгізілген педагогикалық ықпалдың тиімділігін анықтау мақсатында сапалық және сандық талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелері. Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту – қазіргі білім беру үдерісіндегі басым бағыттардың бірі. Бұл салада сөйлеу тілін тиімді қалыптастыру үшін дәстүрлі әдістермен қатар, мультисенсорлық тәсілдерді қолдану қажеттігі туындап отыр. Себебі мультисенсорлық әдістер баланың түрлі қабылдау арналарын (көру, есту,

сипап сезу, қимыл-қозғалыс) бір мезетте іске қосып, танымдық белсенділікті арттырады және байланыстырып сөйлеудің ішкі механизмдерін жан-жақты дамытады.

Зерттеу Алматы қаласындағы №182 бөбекжай-балабақшасының ортаңғы топ балалары арасында жүргізілді. Эксперименттік топқа – «Қарлығаш» тобының 25 баласы, бақылау тобына – «Қуаныш» тобының 23 баласы енгізілді. Топтарда байланыстырып сөйлеуді дамыту үшін арнайы таңдалған мультисенсорлық әдістер жүйелі түрде қолданылды.

Балалардың сөйлеу деңгейін диагностикалау мақсатында О.А. Безрукова мен О.Н.Каленкованың сөйлеуді кешенді бағалау әдістемесі мен Н.Н. Павлова мен Л.Г. Руденконың «Түсті кубиктер» әдістемесі пайдаланылды. Диагностикалық мәліметтер эксперимент алды және соңындағы салыстырмалы динамиканы сипаттайды.

О.А. Безрукова мен О.Н. Каленкованың сөйлеуді кешенді бағалау әдістемесі балалардың сөйлеуін төрт компонент бойынша кешенді бағалауға бағытталған: дыбыстық мәдениет, сөздік қор, грамматикалық құрылым, байланыстырып сөйлеу. Әр баланың сөйлеу деңгейі үш деңгеймен сипатталды: жоғары, орта, жеткілікті.

1-кесте – Сөйлеу деңгейі (О.А. Безрукова мен О.Н. Каленкова әдістемесі бойынша)

Деңгейлер	Бақылау тобы (n=23) – Бастанқы	Эксп. топ (n=25) – Бастанқы	Бақылау тобы – Қорытынды	Эксп. топ – Қорытынды
Жоғары	13% (3 бала)	12% (3 бала)	17% (4 бала)	56% (14 бала)
Орта	43% (10 бала)	40% (10 бала)	48% (11 бала)	36% (9 бала)
Жеткілікті	44% (10 бала)	48% (12 бала)	35% (8 бала)	8% (2 бала)

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілеті - олардың тұлғалық, әлеуметтік және когнитивтік дамуының жетекші көрсеткіші. Сөйлеу тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге таным, ойлау, өзіндік пікір білдіру мен эмоционалдық тәжірибені жеткізудің де негізгі құралы болып табылады. Сондықтан мектепке дейінгі кезеңде сөйлеу дағдыларын мақсатты түрде дамыту - білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Осы міндетке сәйкес жүргізілген зерттеу барысында балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларының деңгейін бағалау үшін О.А. Безрукова мен О.Н. Каленкованың сөйлеуді бағалау әдістемесі қолданылды. Бұл әдіс балалардың сөйлеу дағдыларын үш деңгейде (жоғары, орта, жеткілікті) сипаттауға мүмкіндік береді. Зерттеу процесінде бақылау және эксперименттік топтар арасында салыстырмалы талдау жүргізілді. Педагогикалық ықпал ретінде эксперименттік топта мультисенсорлық әдістер кешені жүйелі түрде қолданылды.

Бастанқы кезеңдегі мәліметтер бойынша, екі топтың сөйлеу деңгейлері бір-біріне жақын болған. Атап айтқанда, бақылау тобында жоғары деңгейде сөйлеу 13% (3 бала), орта деңгейде – 43% (10 бала), жеткілікті деңгейде – 44% (10 бала) болған. Эксперименттік топта сәйкесінше: 12% (3 бала) - жоғары деңгейде, 40% (10 бала) – орта деңгейде, 48% (12 бала) - жеткілікті деңгейде.

Бұл нәтиже бастапқы шарттардың біртектілігін және екі топтың сөйлеу даму деңгейінде елеулі айырмашылық болмағанын көрсетеді.

Зерттеу соңында алынған қорытынды көрсеткіштер педагогикалық әсердің айқын нәтижесін көрсетті. Эксперименттік топта жоғары сөйлеу деңгейінде балалардың үлесі 12%-дан 56%-ға дейін көтерілген, яғни бастапқыдан 44%-ға артқан. Бұл өзгеріс балалардың сөйлеу дағдыларының сапалық тұрғыда едәуір жақсарғанын дәлелдейді. Бір қызығы, орта деңгейдегі балалар саны 40%-дан 36%-ға аздап төмендегенімен, ең маңызды өзгеріс жеткілікті деңгейде байқалды – бұл деңгейдегі балалардың үлесі 48%-дан 8%-ға дейін күрт азайған. Демек, бұрын жеткілікті деңгейде болған көптеген балалар орта және жоғары деңгейге көшкен.

Бұл өзгерістердің басты себебі ретінде қолданылған мультисенсорлық әдістердің кешені танылды. Бұл әдістер баланың сөйлеу белсенділігін жан-жақты ынталандыратын және бірнеше анализатор арналарын (есту, көру, тактильдік, кинестетикалық) белсенді түрде қолданатын педагогикалық тәсілдер жүйесін қамтиды. Мысалы, дыбыс пен суретті қатар қолдану, қимыл әрекеттері арқылы әңгімелеу, тактильді материалдармен жұмыс істеу -сөйлеуді таныммен ұштастыру арқылы сөйлеу құрылымын жандандырады. Әр сабақта бала тек тыңдап немесе қарап қана қоймай, өзі белсенді әрекетке араласып, көргенін, естігенін, сезгенін сөзбен жеткізуге талпынады. Бұл үдеріс сөйлеу мотивациясын арттырып, балалардың тілдік белсенділігін табиғи жолмен дамытты.

Осы орайда балалардың сөйлеу белсенділігінің артуын когнитивтік психология тұрғысынан да түсіндіруге болады. Сенсорлық ақпараттың біріктірілуі нейрондық желілердің жаңа байланыстарын қалыптастырып, есте сақтау, мағыналық өңдеу және сөйлеу моторикасын жетілдіруге ықпал етеді. Сөйлеу әрекеті кезінде ми қыртысының әртүрлі бөліктері - маңдай, төбе, самай, шүйде аймақтары - өзара тығыз байланыста жұмыс істейді. Мультисенсорлық ықпал осы аймақтардың белсенділігін арттырып, сөйлеуді жүйелі дамытуға мүмкіндік береді.

Эксперимент барысында балалардың сөйлеу қабілетінде келесі сапалық өзгерістер байқалды: күрделі сөйлем құру, сипаттаудың көркем тәсілдерін қолдану, себеп-салдарлық байланыстарды білдіру, сұрақтарға толық әрі мазмұнды жауап беру, әңгіме құрастыру барысында оқиға желісін сақтап баяндау. Мұның барлығы баланың тілдік жүйесін ғана емес, ойлау, елестету, логикалық пайымдау қабілеттерін де белсендіргенін көрсетеді.

Бақылау тобындағы балаларда сөйлеу деңгейінде мұндай қарқынды өзгеріс болмағаны анық байқалды. Жоғары деңгейге өткен балалар саны тек біреуге ғана артқан (13%-дан 17%-ға), бұл табиғи даму заңдылығына тән көрсеткіш. Орта деңгей 43%-дан 48%-ға өскенмен, бұл өсім жеткілікті деңгейдің есебінен ғана болған. Жеткілікті деңгейдегі балалар саны 44%-дан 35%-ға төмендеген. Демек, бақылау тобында да кейбір өзгерістер болғанымен, олар бірізді, терең емес және негізінен тілдік дамудың табиғи процесімен ғана байланысты.


Ал эксперименттік топтағы өзгерістер – арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың нәтижесі. Бұл – баланың сөйлеуін тек дамыту ғана емес, оны жаңа сапалық деңгейге шығару үдерісі. Бұл топтағы балалар бұрын қарапайым сипаттау немесе сөз тіркестерін қолдану деңгейінде болған болса, зерттеу соңында олар әңгіме құрастыру, өз пікірін білдіру, рөлдік кейіпкерлердің тілін жеткізу сияқты сөйлеудің күрделірек түрлеріне көше алды.

Мұндай жетістіктердің тағы бір негізі - мотивациялық орта. Мультисенсорлық әдістер балаларда сөйлеуге деген қызығушылық пен ішкі қажеттілікті оята білді. Балалар берілген тапсырмалардан шаршамай, керісінше, келесі сабақта не болатынын күтіп, белсенділік танытты. Ойын, қозғалыс, дыбыс, бейне, сенсорлық құралдар - бәрі бірге балаларды эмоционалдық тұрғыда ынталандырып, сөйлеу әрекетіне жетеледі.

Сондай-ақ, бұл әдістер дифференциалды оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Әр баланың қабылдау типіне сәйкес жұмыс жүргізілді. Визуалды қабылдауы жоғары балалар суреттермен, бейнематериалдармен жұмыс істеп, сөйлеуін дамытты. Аудиал балалар дыбыстық материалдар арқылы сөйлеуге ынталанды. Кинестетикалық балалар қимыл, қимыл-әрекет арқылы тілді меңгерді. Яғни әр бала өзіне тән сенсорлық арна арқылы сөйлеуге тартылды.

Қолданылған әдістердің тағы бір маңызды ерекшелігі – олардың инклюзивті ортада да тиімді қолдануға болатындығы. Сөйлеу бұзылыстары бар немесе сөйлеу дағдылары кешеуілдеген балалар да бұл әдістердің арқасында белсенді қатысып, өз деңгейінде нәтижеге қол жеткізді.

Жалпы алғанда, алынған мәліметтер мен жүргізілген педагогикалық жұмыстар сөйлеу қабілетін дамытуда қолданылған мультисенсорлық әдістердің жоғары нәтижелілік деңгейін көрсетті. Бұл әдістер балалардың танымдық белсенділігін арттырумен қатар, сөйлеу белсенділігін де сапалы жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік берді. Эксперимент барысында жүргізілген бақылау, педагогикалық талдау және салыстырулар қолданылған әдістердің тиімділігін жан-жақты дәлелдеді.



Сурет 1 - О.А.Безрукова мен О.Н.Каленкова әдістемесі бойынша нәтижелер

Н.Н. Павлова мен Л.Г. Руденконың «Түсті кубиктер» әдістемесі баланың нұсқауды түсінуін, түс пен пішіндермен әрекеттесуін, сөйлеу белсенділігін және ойды ауызша жеткізу дағдысын бағалауға бағытталған. Әдісте көру, есту, сипап сезу және сөйлеу арналары интеграцияланған.

2-кесте – Сөйлеу белсенділігі (Н.Н.Павлова мен Л.Г.Руденконың «Түсті кубиктер» әдістемесі бойынша)

Деңгейлер	Бақылау тобы (n=23) – Бастапқы	Эксп. топ (n=25) – Бастапқы	Бақылау тобы – Қорытынды	Эксп. топ – Қорытынды
Жоғары	9% (2 бала)	12% (3 бала)	13% (3 бала)	60% (15 бала)
Орта	48% (11 бала)	44% (11 бала)	52% (12 бала)	32% (8 бала)
Жеткілікті	43% (10 бала)	44% (11 бала)	35% (8 бала)	8% (2 бала)

Сөйлеу белсенділігі – мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы мен танымдық әрекетінің маңызды көрсеткіші. Ол баланың өз ойын толық жеткізуі, нұсқауларды түсінуі, әрекетті сөзбен сипаттауы арқылы көрініс табады. Бұл белсенділікті диагностикалауда қолданылатын құралдардың бірі – Н.Н.Павлова мен Л.Г.Руденко ұсынған «Түсті кубиктер» әдістемесі. Аталған әдістеме балалардың сөйлеу белсенділігін нұсқауды түсіну, іс-әрекетті сипаттау, тілдік логика мен құрылымды сөйлем құрау деңгейінде бағалауға мүмкіндік береді.

«Түсті кубиктер» әдістемесі – баланың тілдік және іс-әрекеттік компоненттерінің өзара байланысын бағалайтын көрнекі-ойындық әдіс. Мұнда балаға түрлі түсті, пішінді кубиктер беріліп, белгілі бір тапсырманы орындауы ұсынылады. Тапсырмада бала алдымен нұсқауды тыңдап, содан кейін іс-әрекетті орындап, сол әрекетін сөзбен сипаттауы керек. Бұл әдіс бір мезгілде үш бағыттағы қабілетті бағалауға мүмкіндік береді:

1. Тыңдағанын түсіну (рецептивті сөйлеу);
2. Іс-әрекет арқылы орындау (моторлық-когнитивтік аспект);
3. Өз әрекетін сипаттап айту (экспрессивті сөйлеу).

Бұл әдістеме сөйлеудің вербалды (сөздік), семантикалық (мағыналық), синтаксистік (сөйлемдік құрылым) және прагматикалық (мақсатқа бағытталған сөйлеу) аспектілерін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

2-кестеде зерттеуге қатысқан балалардың сөйлеу белсенділігі бойынша бастапқы және қорытынды нәтижелері ұсынылған. Зерттеу басында бақылау тобында жоғары деңгейдегі балалар саны 9% (2 бала), эксперименттік топта - 12% (3 бала) болған. Бұл кезеңде топтар арасында үлкен айырмашылық жоқ екенін көрсетеді.

Қорытынды нәтижелер бойынша эксперименттік топта жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 60%-ға (15 бала) дейін өскен. Бұл - сөйлеу белсенділігінде 48%-дық өсім, яғни әрбір екінші баланың сөйлеу құрылымы мен белсенділігі сапалық тұрғыда жоғарылағанын білдіреді. Балалар тек нұсқауды дұрыс түсініп қана қоймай, өз әрекеттерін нақты, толық, құрылымдалған сөйлемдермен сипаттай алды. Бұл сөйлеудің жоғары деңгейіне тән негізгі белгілер: дәйектілік, логикалық байланыс, себеп-салдарлық құрылымдардың қалыптасуы байқалды.

Керісінше, бақылау тобында жоғары деңгейдегі балалар саны бастапқы 9%-дан тек 13%-ға (3 бала) ғана артқан. Негізгі үлес орта және жеткілікті деңгейде қалды: орта деңгей 48%-дан 52%-ға сәл артса, жеткілікті деңгей 43%-дан 35%-ға аздап төмендеген. Бұл өзгерістер табиғи даму аясында жүріп жатқан баяу және шектеулі өзгерістерді көрсетеді.

Эксперименттік топта сөйлеу құрылымындағы өзгерістер тек сандық емес, мазмұндық тұрғыда да елеулі болды. Балалар сөйлемді бірізділікпен құру, ойды жалғастыру, байланыстырып сөйлеу, логикалық тізбектеу қабілеттерін көрсетті. Сөйлеудің құрылымдық элементтері ретінде:

- толық сөйлемдермен жауап беру;
- сын есімдер мен үстеулерді қолдану;
- себеп-салдарлық шылауларды (себебі, сондықтан, өйткені) қолдану;
- сөйлеуде интонацияны басқару;
- мазмұнды баяндау дағдылары күшейе түсті.

Бұл көрсеткіштер сөйлеу әрекетіндегі когнитивтік және тілдік механизмдердің белсенді жұмыс істегенін көрсетеді. Балалар ойды тікелей айту ғана емес, оны жүйелеу, бөліп айту, нақтылау сияқты күрделірек дағдыларды меңгерді.

«Түсті кубиктер» әдістемесі негізінен жұпталған анализаторлық жүйелердің белсенділігін талап етеді. Сөйлеу және әрекет қатар жүруі - мидың әртүрлі аймақтары арасында интегративті байланысты орнатады. Баланың сөйлеу белсенділігі әрекетпен байланыстырылғанда, оның сөйлеу мотивациясы артады. Мидың маңдай, төбе, самай аймақтары белсеніп, нейрондық желілердің дамуына ықпал етеді.

Әсіресе сөйлеуді әрекетпен ұштастыру, яғни бір нәрсені жасап, кейін соны айтып беру – ішкі сөйлеуден сыртқы сөйлеуге көшу механизмін жандандырады. Бұл Д.Б.Элькониннің теориясына сай әрекет арқылы ұғыну моделінің нақты көрінісі болып табылады (Эльконин 2011). Бала әрекет барысында мағынаны түсініп, кейін оны сөйлеу арқылы сыртқа шығарады – бұл сөйлеудің табиғи қалыптасу жолы.

Эксперименттік топта сөйлеу белсенділігінің артуына эмоционалдық қызығушылық та ықпал етті. Балалар түрлі түсті, пішінді кубиктермен жұмыс істеу арқылы тапсырманы ойын түрінде қабылдап, еркін және қуана сөйледі. Мотивациялық тұрғыдан алғанда, бұл әдістеме балаларда қорқыныш немесе қате жіберуден қысылу сезімін жойып, еркін сөйлеуге жағдай жасады.


Балалар сөйлеу арқылы тек тапсырманы орындап қана қоймай, өзін білдіруге, қиялымен бөлісуге, әңгіме құрастыруға ұмтылды. Бұл сөйлеудің шығармашылық және экспрессивтік қырларының дамуына негіз болды. Осындай эмоционалдық жайлы орта – сөйлеу белсенділігінің өсуіндегі маңызды фактор.

Орта деңгейде сөйлеу - бұл балалардың нұсқауды түсінуі мен орындауы арасында белгілі бір дәйектілік бола тұра, өз әрекетін сипаттауда толық сөйлемдер қолданбауы, шектеулі сөздік қор, ойды жүйелі жеткізбеуімен

сипатталады. Эксперименттік топта орта деңгейдегі балалардың үлесі 44%-дан 32%-ға дейін төмендеді, яғни бұл 12% айырмашылық -жоғары деңгейге ауысудың нәтижесі.

Жеткілікті деңгейде сөйлейтін балалар көбінесе нұсқауды толық түсінбейді немесе әрекетті атқарғанымен, оны сөзбен сипаттай алмайды, бір-екі сөзбен шектеледі, байланыссыз сөйлемдер құрайды. Эксперименттік топта мұндай балалардың үлесі 44%-дан 8%-ға дейін қысқарды. Бұл айтарлықтай жетістік, себебі 9 баланың сөйлеу деңгейі жеткіліктен жоғарыға көтерілген.

Мұндай оң нәтижелерге жету үшін эксперимент барысында сабақтар кадамдық жоспармен, көпарналы сезімдік ықпалмен, баланың жеке қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылды. Сөйлеуді белсендіру жұмыстары тек әдіспен шектелмей, тілдік тапсырмалар, сұрақ-жауап жаттығулары, оқиғаларды ретті баяндау, сипаттау, сұхбаттасу элементтерімен толықтырылды.



Сурет 2 - .Н.Павлова мен Л.Г.Руденконың «Түсті кубиктер» әдістемесі бойынша нәтижелер

Кесте 3 - Эксперимент барысында қолданылған мультисенсорлық әдістер

№	Әдістеме атауы	Мақсаты	Сенсорлық арналар	Қолдану үлгісі
1	«Сипап таны, сипатта»	Объектіні тактильді түрде танып, сипаттау	Сипап сезу, сөйлеу	«Қолымдағы жұмсақ, домалақ – бұл доп»
2	«Құрастыр және сипатта»	Манипуляция арқылы сөйлеуді белсендіру	Қимыл-қозғалыс, көру, сөйлеу	«Сары және көк кубиктен көпір салдым»
3	«Көр, тыңда, айт»	Көру мен тыңдау арқылы ой жеткізу	Көру, есту, сөйлеу	Сурет бойынша әңгіме құрау
4	«Музыкамен қимылда»	Эмоциялық сөйлеуді дамыту	Есту, қимыл, сөйлеу	«Музыка баяу болды, мен көбелек болдым»
5	«Суретті жалғастыр»	Сюжеттік ойлауды белсендіру	Көру, қол моторикасы, сөйлеу	«Машина дүкенге бара жатыр...»

6	Құм терапиясы	Образдық тіл қалыптастыру	Сипап сезу, сөйлеу	«Құмда үй салдым, ішінде адамдар бар»
7	«Иіс пен дәмді сипатта»	Тіл байлығын кеңейту	Дәм, иіс, сөйлеу	«Лимон ащы, тілім жыбырлайды»

Жүргізілген эксперименттік жұмыс нәтижесінде мультисенсорлық әдістердің мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда жоғары тиімділікке ие екені дәлелденді. Бұл әдістер баланың тілін көру, есту, сипап сезу, қозғалу арқылы қабылдап, сөйлеп жеткізу дағдыларын тұтас қамтиды. Нәтижесінде балалардың тілдік белсенділігі артып, байланыстырып сөйлеудің құрылымдық және мазмұндық сапасы жақсарды.

Талқылау. Мектеп жасына дейінгі ортаңғы топ балаларының байланыстырып сөйлеуін дамытуда мультисенсорлық әдістерді қолдану — қазіргі тілдік және психолінгвистикалық зерттеулер аясында ерекше маңызға ие мәселе. Бұл әдістердің тиімділігі баланың сөйлеу дағдысына әсер ететін бірнеше факторларды кешенді түрде қамтитындығымен түсіндіріледі: когнитивтік, сенсорлық, эмоционалдық және әлеуметтік аспектілер.

Байланыстырып сөйлеуді дамытудағы мультисенсорлық әдістердің педагогикалық әлеуетін алғашқылардың бірі болып отандық ғалым Б. Баймұратова атап көрсеткен (Баймұратова, 1990). Ол баланың тілін дамытуда көрнекілікке, сюжеттік құрылымдарға, ойын элементтеріне негізделген сабақ түрлерін ұсынған. Ғалым баланың тілдік белсенділігіне нақты әсер ететін факторлардың бірі — «пәндік ортаны сезім арқылы тану мен сөзбен атау арасындағы байланыс» екенін көрсетеді (Баймұратова, 1990). Бұл тұжырым мультисенсорлық әдістердің негізгі қағидаттарымен толық сәйкес келеді.

Сонымен қатар, К.М. Метербаева да байланыстырып сөйлеуді дамытудың тиімді әдістерін анықтай отырып, баланың сөйлеуін қалыптастыруда танымдық белсенділік пен эмоциялық қабылдауды біріктіру қажеттігін алға тартқан (Метербаева, 2017). Ол балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудағы қоршаған ортамен таныстыру тәсілдерінің әдістемелік моделін ұсынып, оның құрылымына: мазмұн, мақсат, өлшем, нәтиже көрсеткіштері мен педагогикалық шарттар енгізген. Мұндай модель мультисенсорлық тәсілдерді кешенді қолдануға мүмкіндік береді.

Л.П. Федоренко мен Т.А. Короткова мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесін сипаттай келе, сөйлеу мен қабылдау әрекеттерінің бірлігін педагогикалық процесте іске асырудың маңызын атап өткен (Федоренко, Короткова, 1981). Олардың пікірінше, тілдік дағдылардың дамуы көру, есту, қимыл-қозғалыс арналары арқылы баланың ортаны меңгеруімен тығыз байланысты. Бұл қағида біздің зерттеуімізде қолданылған мультисенсорлық әдістермен де толық дәлелденіп отыр: бала көріп, естіп, ұстап, иіскеп қабылдаған нәрселерін өз сөздік қорында белсенді қолдана бастайды.

Қ.М. Меңдаякова өзінің ғылыми-әдістемелік еңбегінде байланыстырып

сөйлеуге үйретудің онтогенетикалық ерекшеліктерін сипаттап, қазақ тілін оқытудың құрылымдық мазмұнын ғылыми негіздеген. Ғалым сөйлеу қабілетін қалыптастыруда психолінгвистикалық және когнитивтік дамудың бірлігіне ерекше назар аударған. Бұл көзқарас шетелдік зерттеушілермен де үндес (Мендаяқова, 2008).

Атап айтқанда, Л.С. Выготский баланың сөйлеуінің дамуын әлеуметтік контекст пен танымдық әрекеттестікпен байланыста қарастырған. Оның «жақын даму аймағы» теориясы бойынша, сөйлеуді дамытудың тиімді жолы – баланы ересек адамның қолдауымен тілдік жағдаятқа енгізу (Выготский 2004). Бұл тұрғыда мультисенсорлық әдістер бала мен педагог арасындағы әрекеттестікке негізделген, әрі сөйлеуге мотивация тудыратын ықпалды құрал болып табылады.

С.Н. Цейтлин баланың сөйлеуін зерттей отырып, алғашқы тілдік құрылымдардың (сөз, тіркес, сөйлем) қалыптасуында сенсорлы тәжірибенің және жағдаяттық әрекеттің рөлін ерекше атап өткен. Ғалым балалардың сөйлеуіндегі инновациялық формалардың пайда болуын тілдің ішкі жүйесі мен баланың оны игеру механизмдерінің арасындағы үнемі әрекеттестікпен байланыстырады (Цейтлин, 2017).

Батыс зерттеушілері – Р. Monaghan, К. Alcock, К. Cain мультисенсорлық тәсілдердің сөйлеуді дамытудың нейрокогнитивтік негіздеріне әсерін зерттеген (Monaghan, Alcock, 2017). Олар жүргізген зерттеулерде жаңа сөздерді игеруде визуалды, аудиалды және моторлы тәжірибенің бірлескен ықпалы балалардың есте сақтау қабілетін күшейтіп, грамматикалық құрылымдарды тез меңгеруге көмектесетінін көрсеткен. Бұл олардың тілі әлі толық жетілмеген балалармен жүргізген тәжірибелерінде нақты дәлелденген. Авторлар «multisensory integration» феномені арқылы баланың сөйлеу әрекетінің барлық компоненттері (фонетика, лексика, грамматика, прагматика) біртұтас дамитынын көрсетеді.

Аталған тәсілдің тиімділігі шетелдік ғылыми зерттеулермен дәлелденуде. Атап айтқанда, А. Magklara және авторлар тобының жүргізген эмпирикалық зерттеуінде 3-5 жастағы балалардың тілдік белсенділігін арттыру мақсатында «тілден әрекетке көшу» (language-to-action) интервенциясы қолданылған. Бұл әдісте балалар пластилин, сурет, қимыл арқылы нақты бір әрекетті орындай отырып, сол әрекетке қатысты тілдік құрылымдарды меңгереді. Нәтижесінде, балалардың синтаксистік құрылымдарды қолдану қабілеті, сөздік қордың активтенуі және коммуникативтік серіктестік деңгейі жоғарылаған. Зерттеу авторлары мультисенсорлық тәжірибе мен когнитивтік белсенділіктің бірлігі баланың сөзді түсініп қолдануына ғана емес, оны дұрыс байланыстырып жеткізуіне де ықпал ететінін көрсетеді (Magklara et al., 2023).

Сонымен қатар, N. Kucirkova мен L. Rodriguez ерте жастағы балалармен жүргізілген жүйелі шолуында мультисенсорлық оқудың (multisensory reading) тіл дамуына ықпалы терең зерделенген. Ғалымдар аудиовизуалды материалдарды, тактильді кітаптарды, интерактивті мәтіндерді қолдану арқылы баланың тіліне, есте сақтауына және лингвистикалық құрылымдарды

кабылдауына әсер ететіндігін көрсеткен. Олар мультисенсорлық тәсілдер ерте жаста тіл меңгеруді жеңілдететінін, сонымен қатар баланың жеке таным ерекшеліктеріне бейімделуге мүмкіндік беретінін нақты дәлелдермен ұсынған (Kucirkova & Rodriguez, 2022).

Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруда онтогенездік ерекшеліктерді ескеру – педагогикалық қпалдың тиімділігін арттырудың маңызды алғышарты болып табылады. Бұл тұрғыда Қ.Қ. Өмірбекова және т.б. ғалымдар ұсынған «Онтогенез барысында ана тілі жүйесінің қалыптасуы» атты еңбекте тіл дамуының табиғи сатылары, фонетика-фонологиялық, лексика-грамматикалық және прагматикалық компоненттердің қалыптасу динамикасы кешенді түрде қарастырылады. Авторлар баланың ана тіліндегі алғашқы сөйлеу әрекеттерінен бастап, құрылымдалған, мазмұнды сөйлеуге дейінгі даму жолдарын сипаттап, сөйлеу белсенділігі мен тілдік сана арасындағы өзара байланысты негіздейді (Өмірбекова, 2021). Бұл тұжырымдар мектеп жасына дейінгі кезеңде мультисенсорлық әдістерді қолдану арқылы баланың сөйлеу дағдыларын дамыту үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі ғылыми тұжырымдар мен зерттеу тәжірибелері мультисенсорлық әдістердің мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда жоғары әлеуетке ие екенін растайды. Бұл әдістер баланың сөйлеуін қалыптастыруда дәстүрлі жаттығулардан гөрі танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік әрекетті белсендіріп, тілді табиғи және функционалдық жағынан меңгеруге жол ашады. Сонымен қатар, бұл тәсіл баланың тілге деген қызығушылығын арттырып, байланыстырып сөйлеу қабілетін ерте жастан тиімді дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады.

Қорытынды. Зерттеу жұмысы мектеп жасына дейінгі ортаңғы топ балаларының байланыстырып сөйлеуін дамытуда мультисенсорлық әдістердің әлеуетін теориялық және практикалық тұрғыдан кешенді түрде зерделеуге бағытталды. Алынған нәтижелер көрсеткендей, мультисенсорлық әдістер - баланың тілдік қабілеттерін қалыптастыру мен жетілдірудің тиімді, заманауи және ғылыми негізделген құралы ретінде танылып отыр. Бұл әдістер баланың танымдық, сенсорлық, эмоциялық және моторлық әрекеттерін бір мезгілде белсендіру арқылы оның сөйлеу белсенділігі мен коммуникативтік қабілеттерін үйлесімді дамытады.

Мектепке дейінгі жаста баланың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру - оның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің, ішкі ойлау құрылымын тіл арқылы сыртқа шығаруының және әлеуметтік тәжірибе жинақтауының негізгі тетігі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, мультисенсорлық әдістер арқылы ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерісі тек тілдік дағдыларды қалыптастырумен шектелмей, баланың жеке басының барлық саласын - когнитивтік дамуын, эмоциялық тұрақтылығын, сенсорлық үйлесімділігін, тіпті шығармашылық қабілеттерін де қамтиды.

Зерттеу нәтижелері эксперименттік топтағы балалардың сөйлеу белсенділігі

мен байланыстырып сөйлеу деңгейінің айтарлықтай артқанын көрсетті. Балалардың сөздік қоры байып, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдану шеберлігі жетілді; сөйлемдер арасындағы логикалық байланыс пен оқиғаны жүйелі баяндау дағдылары күшейді. Бұған мультисенсорлық әдістердің балаға етене таныс, қызықты әрі шынайы өмірлік жағдаяттарда қолданылуы шешуші әсер етті. Сенсорлық арналарды (көру, есту, сезіну, қимыл, дәм, иіс) біріктіру - балалардың тілдік бейнелерді санасында нақты және терең қабылдауына мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында қолданылған диагностикалық әдістемелер - О.А. Безрукова мен О.Н. Каленкова ұсынған сөйлеуді кешенді бағалау әдістемесі және Н.Н. Павлова мен Л.Г. Руденконың «Түсті кубиктер» әдісі - мультисенсорлық тәсілдердің әсерін сандық және сапалық тұрғыда дәлелдеуге мүмкіндік берді. Тәжірибе көрсеткендей, сенсорлы интеграция арқылы балалардың тілдік құрылымдарды игеру қарқыны артып, сөздік белсенділік жоғарылады. Бұл мультисенсорлық әдістердің сөйлеуді дамытуда дәстүрлі тәсілдерге қарағанда анағұрлым нәтижелі екенін растайды.

Ғылыми-теориялық талдау мен отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйену арқылы мультисенсорлық әдістердің баланың сөйлеу тілін дамытудың нейропсихологиялық және психоллингвистикалық аспектілерімен тығыз байланысты екені анықталды. Мидың нейрондық байланыстарының сенсорлық сигналдар арқылы қалыптасуы – баланың ерте жастағы тілдік дамуына мультисенсорлық тәсілдердің неге соншалықты тиімді екенін түсіндіреді. Бұл бағытта жүргізілген шетелдік зерттеулер (L. Rodriguez, Kucirkova, A. Magklara, M. Shams және т.б.) қазіргі әдістеменің ғылыми негізділігін және кең ауқымда қолдануға болатынын айғақтап отыр.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру жүйесінде білім беру ортасын балаға қолайлы әрі жеке ерекшеліктерін ескеретін икемді жүйе ретінде ұйымдастыру қажеттігі күн тәртібіне шықты. Осы ретте мультисенсорлық әдістер баланың табиғи қабылдау арналарына сәйкес келіп, жеке даму қарқыны мен тілдік қажеттіліктеріне жауап бере алатын бейімделгіш технология ретінде ұсынылады.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу мультисенсорлық әдістердің мектепке дейінгі жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда елеулі ғылыми және практикалық құндылыққа ие екенін көрсетті. Тілдік дағдыларды дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ұсыну арқылы бұл тәсіл дәстүрлі педагогикалық әдістерді толықтырып қана қоймай, білім берудің тұлғалық-бағдарлы моделін іске асыруға мүмкіндік береді. Болашақта бұл әдістерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне кешенді түрде енгізу, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу және педагог мамандарды арнайы даярлау – өзекті міндеттердің бірі болып қала береді.

Әдебиет

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 15.03.2021ж. №137. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 14.10.2022 № 422 бұйрығы.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы 28.03.2023ж №249 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Баршаға қолжетімді сапалы білім 1.09.2023 ж. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі.

Sarmite Tubele. Multisensory Approach in Speech Therapy for Preschool Children. To be or not to be a great educator, 2022. P. 815-823.

Neumann M., Hyde M., Neumann D., Hood M. & Ford R. (2012) Multisensory Methods for Early Literacy Learning. <https://www.researchgate.net/publication/281572645>

Dionne-Dostic, E., Paquette, N., Lassonde, M. & Gallagher, A. (2015) Multisensory Integration and Child Neurodevelopment. Brain Sciences. <https://doi.org/10.3390/brainsci5010032>

Безрукова О.А. Каленкова О.Н. Методика определения уровня речевого развития детей дошкольного возраста. Издательство «Русская Речь», 2014 год - 2-е издание. — 165 с.

Павлова Н.Н, Руденко Л.Г. Экспресс-диагностика в детском саду: Комплект материалов для педагогов-психологов детских дошкольных образовательных учреждений. — М.: Генезис, 2008. — 80 с.

Эльконин Д.Б. Детская психология: учеб. пособие для студ. учреждений высш. проф. Образования. ред.-сост. Д.Б. Эльконин. – Изд. 6-е., стер. – М.: Изд. центр «Академия», 2011. — 384 с.

Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы: (2-6 жас аралығы). — Алматы: Рауан, 1990. — 144 с.

Метербаева К. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі: Оқу құралы – Астана: Фолиант, 2017. — 184 б.

Федоренко Л.П. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы [Текст]: Мектеп жасына дейінгі пед. училищелердің оқушылары үшін оқу құралы. Л. П. Федоренко, 1981. — 240 бет с.

Мендаякова Қ.М. Байланыстырып сөйлеуге үйрету арқылы қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы, 2008. — 188 б.

Выготский Л.С. Психология развития ребенка. — М.: Изд-во. Смысл, Изд-во Эксмо, 2004. — 512 с.

Цейтлин С.Н. Язык и ребенок. Освоение ребенком родного языка : Учеб. по- собие для студ. высш. учеб. заведений. - М. : Из- дательство ВЛАДОС. 2017. — 240 с.

Lana S. Jago, Padraic Monaghan, Katie Alcock, Kate Cain. The effect of preschool vocabulary and grammar on early reading comprehension and word reading: A systematic review and meta-analysis. Educational Research Review. — Volume 47, May 2025, <https://doi.org/10.1016/j.edurev.2025.100680>

Magklara A., et al. (2023) Enhancing Preschoolers' Communicative Abilities Within Language-to-Action Intervention. PubMed. https://doi.org/10.1044/2023_lshss-22-00196

Kucirkova N., & Rodriguez L. (2022) Multisensory Reading in Early Childhood: Systematic Review. <https://doi.org/10.1159/000531633>

Өмірбекова Қ.Қ., Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С. Онтогенез барысында ана тілі жүйесінің қалыптасуы: монография/– Алматы: АИБД ҰҒПО, 2021. — 166 б.

References

Qazaqstan Respublikasy Ukimeti (2021) Mektepke deiingi tarbieleu men oqytudy damytu modeli [Model for the development of preschool education and training]. Astana, 15 March 2021, Resolution No. 137. (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrligi (2022) Mektepke deiingi tarbie men oqytudy ulgilik oku bagdarlamasy [Standard curriculum of preschool education and training]. Astana, Order No. 422, 14 October 2022. (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasy Ukimeti (2023) Qazaqstan Respublikasyn-da mektepke deiingi, orta,

tekhnikalyq zhane kasiptik bilim berudi damyudyn 2023–2029 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasy [Concept for the development of preschool, secondary, technical and vocational education for 2023–2029]. Astana, Resolution No. 249, 28 March 2023. (in Kazakh)

Qazaqstan Respublikasy Oqu-agartu ministrіlіgi (2023) Barshaga qolzhetimdi sapaly bilim [Accessible quality education for all]. Astana, 1 September 2023. (in Kazakh)

Tubele S. (2022) Multisensory approach in speech therapy for preschool children. To be or not to be a great educator. — P. 815–823. (in Eng)

Neumann M., Hyde M., Neumann D., Hood M., Ford R. (2012) Multisensory methods for early literacy learning. Retrieved from ResearchGate. (in Eng.)

Dionne-Dostic E., Paquette N., Lassonde M., Gallagher A. (2015) Multisensory integration and child neurodevelopment. *Brain Sciences*, 5(1). — 32–52. (in Eng.)

Bezrukova O.A., Kalenkova O.N. (2014) Metodika opredeleniya urovnya rechevogo razvitiya detei doshkol'nogo vozrasta [Methodology for assessing the level of speech development of preschool children]. Moscow: Russkaya Rech'. — 165 p. (in Russ.)

Pavlova N.N., Rudenko L.G. (2008) Ekspress-diagnostika v detskom sadu [Express diagnostics in kindergarten]. Moscow: Genezis. — 80 p. (in Russ.)

Elkonin D.B. (2011) Detskaya psikhologiya [Child psychology]. Moscow: Akademiya, 384 p. (in Russ.)

Baimuratova B. (1990) Mektep zhasyna deiingi balalardyn tilin damytu metodikasy (2–6 zhas aralygy) [Methodology of speech development in preschool children (ages 2–6)]. Almaty: Rauan. — 144 p. (in Kazakh)

Meterbaeva K. (2017) Mektep zhasyna deiingi balalardyn tilin damytu adistemesi [Methods of speech development in preschool children]. Astana: Foliant. — 184 p. (in Kazakh)

Fedorenko L.P. (1981) Metodika razvitiya rechi detei doshkol'nogo vozrasta [Methods of speech development in preschool children]. Moscow. — 240 p. (in Russ.)

Mendayakova Q.M. (2008) Bailanystyryp soileuge uiretu arqyly qazaq tilin oqytudyn gylymi-adistemelik negizderi [Scientific and methodological foundations of teaching coherent speech in the Kazakh language]. Almaty, 188 p. (in Kazakh)

Vygotsky L.S. (2004) Psikhologiya razvitiya rebenka [Child developmental psychology]. Moscow: Smysl; Eksmo. — 512 p. (in Russ.)

Tseitlin S.N. (2017) Yazyk i rebenok. Osvoenie rebenkom rodnogo yazyka [Language and the child: Acquisition of the native language]. Moscow: VLADOS. — 240 p. (in Russ.)

Jago L.S., Monaghan P., Alcock K., Cain K. (2025) The effect of preschool vocabulary and grammar on early reading comprehension and word reading. *Educational Research Review*, Vol. 47. (in Eng.)

Magklara A. et al. (2023) Enhancing preschoolers' communicative abilities within language-to-action intervention. *Language, Speech, and Hearing Services in Schools*. (in Eng.)

Kucirkova N., Rodriguez L. (2022) Multisensory reading in early childhood: A systematic review. (in Eng.)

Omirebekova Q.Q., Taszhurekova Zh.T., Seisenova A.D., Ibatova G.B., Ospanova A.S. (2021) Ontogenez barysynda ana tili zhiiesinin qalyptasuy [Formation of the native language system during ontogenesis]. Almaty: AIBD UGPO. — 166 p. (in Kazakh)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 31.12.2025.

46,0 п.л. Заказ 6.